



«БЕКІТЕМІН»

«Тарбағатай» мемлекеттік  
табиғаттық паркі»

ММ-нің директоры

А.Т.Тоқымтаев

« 03 » 2022 ж.

## «ПАРКТЕР ШЕРУІ - 2022» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ.

### I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

- 1.1. «Парктер шеруі» - бұл ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (әрі қарай ЕҚТА) қолдау көрсетуге арналған халықаралық, экологиялық акция.
- 1.2. Акцияның мақсаты - қоғамның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға деген оң көзқарасын қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғауға қоғамды тарту және халықтың экологиялық сауаттылығын арттыру.
- 1.3. «Парктер шеруінің» міндеттері:
  - Оқушылардың туған өлкесінің табиғатын зерттеуге қызығушылығын арттыру;
  - Халықты ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы ақпараттандыру;
  - Экологиялық мәдениетке тәрбиелеу;
  - Оқушылардың көркем талғамдары мен шығармашылық қабілеттерін, танымдық мотивациясын дамыту.

### II. «ПАРКТЕР ШЕРУІ - 2022» акциясын өткізу мерзімі.

«Парктер шеруі» акциясы 2022 жылдың 28-наурызы мен 1-маусымы аралығында өткізіледі.

### III. Байқауға қойылатын талаптар

Қатысушының өзімен орындалған, жасалған барлық жұмыстар байқаудың тақырыбына сай болуы керек. Байқауға қатысуға өтініштер [turizmtb@mail.ru](mailto:turizmtb@mail.ru) электронды поштасы арқылы қабылданады. Әр жұмыс келесі үлгі бойынша жазылуы керек:

- Жұмыстың атауы;
- Жұмыс авторының аты-жөні;
- Жұмыс авторының жасы;
- Оқитын оқу орны;
- Тұрғылықты мекен-жайы;
- Жұмыстың жасалынған жылы.

Ең үздік жұмыстар «Тарбағатай» МҰТП-нің кеңсесінде қалады.

## **Өткізілетін байқаулар:**

**1. Халықаралық құстар күніне орай «Құстарға қамқор болайық!» байқауына** 9-15 жас аралығындағы мектеп оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысушылар құстарға арнап жемсауыт жасап және құстарға тамақ беріп қамқорлық көрсеткені жайында сипаттайтын 2-3 минуттан кем емес бейнеролик түсірулері керек. Жемсауыт қатты тұрмыстық қалдықтардан және ағаш өнімдерінен жасалуы керек.

Қатысушы *Instagram* әлеуметтік желісіндегі өздерінің жеке парақшасында бейнероликті салып, «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің @tarbagatai\_2018 парақшасын белгілеп, астында #Тарбағатайжемсауыт хэштегін көрсетіп салуы керек (сурет астында міндетті түрде оқушының аты-жөні, мектебі және сыныбы жазылуы керек). *Жасалған жұмыстарды тәуелсіз алқа мүшелері 31-наурыз күні тексереді.*

Байқау қорытындысы 1-сәуірде «Құстар күні» мерекесіне орай хабарланады.

## **2. «Табиғат балалардың көзімен» байқауына:**

- Балабақшаның ересектер тобы қатыса алады.

Байқауға қойылатын талаптар: «Тарбағатай тауының табиғаты» жайлы (*тау, өзен, құс, жан-жануарлар және т.б.*) А3 форматты қағазға түрлі-түсті қарындаштарымен, бояулармен, фломастерлермен сурет салулары керек. Сурет міндетті түрде баланың өз қолымен салынуы керек (бастырылып салынған дайын суреттер жарамсыз). Суретті бүктеуге немесе орауға болмайды. Суретті әрлеу үшін скотч және басқа да синтетикалық материалдар пайдаланбауларыңызды өтінеміз.

Қатысушы жасалған жұмысымен суретке түсіп *Instagram* әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің @tarbagatai\_2018 парақшасын белгілеп, сурет астында #Тарбағатайтабиғаты хэштегін көрсетіп салуы керек (сурет астында міндетті түрде қатысушының аты-жөні және тобының аты жазылуы керек). *Жасалған жұмыстарды ұлттық табиғи парк мекемесіне 25-27 сәуір аралығында тапсыру керек.* Суреттің төменгі бет жағында оң жақ бұрышында автордың аты-жөні, мектебі және сыныбы, жұмыстың атауы анық және толық көрсетілуі қажет. Байқау қорытындысы 28-сәуір күні хабарланады.

**3. «Жас ақындар үнімен, табиғатты қорғайық бүгіннен!»** байқауына 8-16 жас аралығындағы балалар қатыса алады.

Байқауға қойылатын талаптар: Ұлттық парк учаскелеріне қарасты: Тарбағатай тауы, Қарабас тауы, Әлет үлескесі (учаскі) жайында аңыз-әңгіме ойластыру немесе өлең шығару. Байқауға қатысушы еңбектерін алдын-ала ұлттық парктің [turizmtb@mail.ru](mailto:turizmtb@mail.ru) электрондық поштасына 5-10 мамыр аралығында өткізу керек (хатқа қатысушының ТАЖ, мектебі және сыныбы жазылуы керек). Жазылған аңыз-әңгіме немесе өлең тақырыпқа сай болуы керек. Байқау қорытындысы 11-мамыр күні жарияланады.

**4. «Экологиялық эстафета» атты спорттық сайысқа** Үржар ауылындағы 5 мектептің 3-4 сынып оқушылары ата-анасымен қатыса алады. **Ескерту:** әр мектептен 1 отбасы іріктеліп экологиялық эстафетаға қатысады. **Байқауға қатысу үшін талаптар:** Отбасылық «Экологиялық коллаж» жасап, Instagram әлеуметтік желісіндегі өзінің жеке парақшасында «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің @tarbagatai\_2018 парақшасын белгілеп, #экоотбасы хэштегін көрсетіп жүктеп салуы қажет. Осы жүктелген «Экологиялық коллаж» арқылы эстафетаға қатысатын отбасылар іріктелінеді.

Коллаж (плакат) – бірнеше немесе көптеген фотосуреттер мен суреттерден алынған бейне, мұнда кез-келген импровизацияланған заттар мен материалдардың аппликациясын қолдануға болады.

Коллажға қойылатын негізгі талаптар:

- 3-4 сыныптар қатыса алады.
- Коллаж 60\*90 / ± 5см көлеміндегі ватманға салынады.
- Коллаж атауын ойлап табыңыз.
- Аты-жөнін, жасын, сыныбын, мектебін жазу керек.
- Ұлттық парктің қызметкерлері 20-сәуірден 6 мамырға дейін Instagram

әлеуметтік желісіне салынған отбасылық коллаждардың ішінен ең үздігін анықтайды. Нәтижесінде үздік отбасы Үржар ауылындағы спорттық-экологиялық эстафетаға қатысу үшін финалистер тізіміне ұсынылады.

**«Экологиялық эстафета» атты спорттық сайысқа іріктеліп алынған отбасы:**

- Өздерінің «Эко-отбасы» туралы таныстырулары болуы керек.
- Жасаған коллажын сайысқа алып келу керек.
- Өздеріне ұран ойлап тауып және қорғаулары керек.

**Ескерту:** сайысқа әр отбасынан 3-адам ғана (ата-анасы және бала) қатыса алады.

Байқау қорытындысы 15-мамыр «Отбасы күніне» орай сайыс күні хабарланады.

**5. «Эко-кәдесый жасау»** байқауына 7-16 жас аралығындағы балалар қатыса алады.

**Байқауға қойылатын талаптар:** ұлттық парктің өсімдіктері мен жануарлар дүниесіне қатысты эко-кәдесый жасау. Кәдесыйдың биіктігі-20 см, ені-15 см үлкен болмауы керек. Эко-сувенирлерді ағаш, кигіз және т.б. әртүрлі материалдардан жасауға болады.

**Ескерту:** оригами қағаз түрлерінен жасалған бұйым қабылданбайды.

Қатысушы эко-кәдесый жасау барысында 2 минуттан аспайтын бейне ролик түсіріп, Instagram әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің @tarbagatai\_2018 парақшасын белгілеп, #Тарбағатайсувенир хэштегін көрсетіп салуы қажет.

Эко-кәдесыйды 14-16 мамыр аралығында ұлттық парктің мекемесіне өткізулері керек. Байқау қорытындысы 18-мамыр күні хабарланады.

**Ескерту:** әлеуметтік желіде салынған суреттер мен бейне материалдарды хэштег арқылы тексеру үшін жеке парақшаларыңыз ашық болуы керек. Жеке

паркша болмаған қатысушы ата-анасының парақшасы арқылы жұмыстарын салып, белгілеуге рұқсат беріледі. Әр қатысушы біздің Instagram әлеуметтік желісінде @tarbagatai\_2018 парақшасына тіркелген болуы керек. Жасалған жұмыстар ұлттық парк кеңсесінде байқауға қатысуға арналған өтінішпен бірге қабылданады.

#### IV. Марапаттау тәртібі.

Жоғарыдағы аталған байқаулар бойынша жасалған жұмыстар әр байқауда көзделген уақыт аралығында ұлттық парктің көрсетілген мекенжайына өткізілуі керек. Байқау бойынша жүлделі орындарға ие болған оқушылар мақтау қағаздарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Әр байқаудың жеңімпаздарын барлық критерийлер бойынша тәуелсіз әділ қазылар алқасы анықтайды.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар тізімі 21 мамыр күні ұлттық парктің әлеуметтік желілерінің ресми беттерінде жарияланады. Байқаулар жеңімпаздарын марапаттау іс-шарасы барлық карантиндік шектеулерді сақтай отырып, 20 мамыр күні өтеді. Өткізу орны қосымша хабарланатын болады.

Қосымша ақпаратты +7 (72230) 3-44-46 телефон номері арқылы ала аласыздар. Жұмыстарды [turizmtb@mail.ru](mailto:turizmtb@mail.ru) электрондық поштасына жіберулеріңіз керек.

**Назар аударыңыз!** Байқауларды өткізу барысында қосымша хабарланатын кейбір өзгерістер болуы мүмкін.

Экологиялық ағарту, рекреация  
және туризм бөлімі басшысының м.а



Б.Ж. Бейсенова